

# ЖАС ҒАЛЫМДАР МОЛОДЫЕ УЧЕНЫЕ

---

## Мұхамедқанафия Баһрамұлының ән әлеміндегі өнері

Б. А. Абдуллина

С.Бөйішев атындағы Ақтөбе университетінің магистранты, Ақтөбе, Қазақстан

**Аннотация.** XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ халқына ақындық, әншілік, композиторлық, күйшілік, батырлық, палуандық өнерімен танылып, сан түрлі металл мен ағаштан, сүйек пен мүйізден түйін түйген шебер Сегіз (Мұхамедқанапия) Баһрамұлы Шақшақов жайлы сөз болады. Сонымен қатар сегіз сері туралы мәліметтер және оның әндері мен ол жайлы еңбектер жазған авторларға да тоқталып, сегіздің шәкірттері және балаларының өлең-жырларының елге танылғандығы да сөз болады.

Жазушы шығармашылығында дәуір үні, заман шындығы, уақыт тынысы қаншалық толық, айқын көрінсе, соншалық оның азаматтық тұлғасы зорайып, өмірге құштарлығы, заман алдында жауапкершілігі айқын танылады. Әр кезеңнің өзіндік қайталанбас сипаты сол тұстағы қоғам өмірінің өзекті құбылыстарымен тығыз байланыста көрінеді.

Ақын, жазушы да өзі өмір сүрген дәуірінің перзенті, оның дауысы өз уақыт тынысымен үндес келуі белгілі заңдылық. Дәуір суретін тұтастай көрсете алу аса үздік таланттардың ғана үлесі. Әдетте, қай ақын болса да алғашқы өлеңіне азаматтық әуенді тиек етіп, өзі не туралы жырламақ болғанын, замана алдындағы борышын өтеуге ұмтылатынын, қоғам, тарих алдында жауапкершілігін, уәде-сертін алға тартады. Сонда ол дүрмекке ілесіп, белгілі оқиғаға үн қосайын, басқалардан қалмайын дегендей ішкі сезімнің жетегінде кетсе, арзан-қол, ертең-ақ ұмытылатын дүниелер тудыруы мүмкін. Өзін терең тебіrentкен, жүрегін жарып шыққан сезімге оралған өлең ғана нәрлі, өмірлі болмақ. Ақын шығармашылығын зерттегенде, оның азды-көпті заманына үн қосып отырғанын ғана емес, уақыт тынысын танытқандай ерекше табыстарға назар аударамыз. Өлең теориясы көне заманнан келе жатқан ғылым болғанымен әрбір дәуірдің жаңа туындысы жаңалық енгізбей тұрмайды. Оның үстіне әр тілдегі поэзияның өзіндік бояуы, бейнелеу үлгілері болуы шарт. Соңғы заманда, әсіресе XX ғасырдың бас кезінде және кейінгі дәуірде поэзия туралы ғылымның біраз

жаңа арнада дамуының өз алдына себебі, заңдылығы бар.

Жүрегін ән тербеген бабаларымыздан қалған өлмес өнер заманнан заман өткізіп, бүгінгі күнге де жетіп отыр. Қазақ музыка өнерінде аттары алтын әріппен жазылған біртуар тұлғалардың: Біржан сал, Ақан сері, Сегіз сері, Жаяу Мұса, Мұхит, Мәди, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, Мәди, Иманжүсіп, Әсет, Естайлардың сазгерлік, әншілік өнерлерінің алдында тұрғаны - өнер атаулының патшасы – саз өнері, яғни, ақындық. Сөз күдіреті арқылы олар ел мен жерге, сүйген жарға деген махаббаттарын, сырлы сезімдерін, тырнағын батырып, үстемдігін танытқан, жер аударып, түрмеге қамаған әкім-төрелерге өкпе-назын, ашуын да өлеңмен шығарып, әнмен жеткізді.

Қосылған ән мен әуен және әнші бірлігінің ерекшелігі, артықшылығы – оның аумақтық та, әлеуметтік те шегарасының болмауы, самғаған құстай ұшып барып, қонған жерінде шырқала беруі. Әнді іліп алып, ел боп жырлады. Өзі ақын, сазгер, әншілерді халқымыз еркелетіп, сал-серілер деген. Тарихқа үңілсек, зерттеуші ғалымдардың еңбектерін оқысақ, сал-серілердің ақындық, әншілік, сазгерлік өнерлерінен де басқа көптеген өнерлері бар.

Әдебиет зерттеушісі Есмағамбет Ысмайловтың пікіріне жүгінсек: «Әнші-ақындар, негізінде, сал-сері, күлдіргіш өнерпаз ақындар. Бұларды тек әнші, ақын демей, халықтық өнердің адамдары деп таныған жөн. Сал-серілерде ақындық пен қатар әнші, күйшілік, композиторлық,

би, спорт өнерлері бар. Артистерше сырттай жарқ-жүрқ әшекейлену, елден ерекше сәнді, көз тартарлық кескінмен жүріп-түру әнші ақынға тән негізгі салттың бірі»- дейді [1].

XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ халқына ақындық, әншілік, композиторлық, күйшілік, батырлық, палуандық өнерімен танылып, сан түрлі металл мен ағаштан, сүйек пен мүйізден түйін түйген шебер Сегіз (Мұхамедқанапия) Баһрамұлы Шақшақов жайлы академик-жазушы Ғабит Мүсірепов «Ұлпан» атты шығармасында: «Бұл келген Керей аталатын көп рулы елдердің атышулы ақын-әншілер, жыраулары еді. Ақын Шәрке сал соқыр Тоғжан ақын, Нияз сері, Сапарғали ақын, тағы үш-төрт жаңа перілер. Бәрі де атақтының атақтысы – Сегіз сері ақынның мұрагерлері», - деген болатын [2].

Содан кейін XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті өкілдерінің бірі Сегіз серінің өмірі мен қоғамдық қызметі туралы біраз мақала республикалық, облыстық баспасөз беттерінде жарияланып, оның төл шығармалары Қазақ ССР Ғылым Академиясының Мұхтар Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты дайындаған «XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы», «Жас шама», «Ел аузынан», «XIX ғасырдағы қазақ ақындары», «Айтыс» атты жинақтарында орын алғаны белгілі.

Елді әнге бөлеп, қисса-жырларымен сезім бесігінде тербелткен Сегіз Баһрамұлы Шақшақов 1818 жылы наурыз айының аяғында қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданына қарасты Благовещенский совхозының территориясындағы ну орманды, көкорай шалғынды, қаз-үйрекке толы айдын көлді Гүлтөбе-Маманай атты қоныста дүниеге келген. Баһрамұлының шын аты Мұхамедқанапия, бірақ оның бұл есімі ұмытылып қалып, Сегіз сері аталып кетеді. Өзін ата-анасы Мұхамедқанапия деп атағанын әнші-ақын «Қашқын келбеті» деген толғауында ескертіп:

Мұхамедқанапия болса да атым,

Сегіз деп атап кеткен мені халқым,-  
дейді де, шын атын халқы өзгерткенін хабардар етеді.

Ал әнші-ақынның өмір жолын зерттеп жүрген ғалымдар мен әдебиетшілер Сегіз сері деген есімнің шығуы жайлы әр алуан пікір айтып келеді. Осынау көркем жерде Сегіз серінің ұлы атасы Шақшақ шешен де, әкесі Баһрам батыр да туған екен. Табиғаты сұлу өңірдің топырағынан нәр алып өскен Баһрам арғы атасы Толыбай сыншыдан мұрадай ұрпақтан-ұрпаққа

ауысып келе жатқан кәсіптер: қолөнермен, егіншілікпен, аң аулаумен, құсбегі саяхатшылықпен, атбегілікпен, емшілікпен айналыса жүріп, ақындық, батырлық және палуандық өнерімен де жұртына танылған. Сонымен қатар ол араб, парсы, көне түркі және орыс тілдерін жақсы білген. Бабасы Толыбай сыншының: «Қолөнермен айналысып, жер емшегін емген диқан тіршілікте қор болмас», - деген сөзін Баһрам есіне мықтап түйіп алғандықтан уақытының көбісін жер шаруашылығына бөлген. Ол әншілік пен ақындық өнерімен елге танылса да, сал-серілік құруға көңіл қоймайды. Себебі, әкесі Шақшақ ұйымдастырған ауыл медресесінде Маманай төңірегіндегі балаларға қыста дәріс беріп, қадымша хат танытады. Ал, 1822-1826 жылдары оның Омбы шаһарының медресесінде ұстаздық еткені көнекөз қариялар жазып қалдырған шежірелерден белгілі.

1826 жылы Сегіз Болатынайдың медресесін бітіріп, аулына келгенде, анасы Жамал дүниеден өтеді, одан іле-шала әкесі Баһрам қайтыс болады. Жастайынан ата-анасыз қалса да, ол жетімдік зардабын тартпаған. Себебі, Шақшақ оны еркелетіп өсіріп, әке-шешесінің жоқтығын білдірмеген еді, сабақ аяқталысымен немересін ауылға алдыртып, ер жігітке тән өнер атаулының бәрін меңгертуге күш салады. Өйткені Толыбай сыншыдан бері қарай үзілмей келе жатқан қолөнер кәсібін, әскери ойындарды Шақшақ өзі жақсы игеріп алып, балаларына да үйреткен. Енді ол немересіне әкелік қамқорлық көрсетіп, оны шабандоздыққа, садақ тартуға, қылыш шабуға, шолақ найза, доға найзамен сайысуға, мылтық атуға машықтандыруды басты іс деп санаған.

Қазақ елінде ас пен тойда ат жарыстырып, жігіттердің әр алуан өнер көрсетуі дәстүрге айналғандықтан әрбір азамат өз жұртының намысын қорғауға тиісті болған. Осыған орай, Сегіз кішкентай кезінен өнер сайысының бар түрін үйреніп, жүлдегер болуды мақсат еткен. Оның талабына күші де сай, сондықтан оған ағасы Сүйін палуан ауыр салмақ көтерудің тәсілдерін крсетеді. Сонда оның жойқын күшіне таңқалғандар: «Сегіз әлі түйе палуан атанады», - десіп жүріпті. Сонымен Сегіз он алты жасқа келгенде, тайлақ түйені жерден көтеріп еркін алып, жүз қадамдай қашықтыққа апаратын болған [3].

Сонымен қатар, Сегіз Шақшақов жайлы мәліметтер мен оның әндері хақында «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» деген көп томдықтың екінші кітабында жазылған. Демек,

Сегіз сері жайлы еңбектер жазған авторлар (Ә.Марғұлан, Е.Жақыпов, М.Жармұхамедов, И.Кенжалиев, Ж.Бектұров, Ә.Дайыров, Қ.Биғожин, Н.Әбуталиев) оның әншілігі мен ақындығына, күйшілігі мен мен композиторлығына ғылыми талдау жасамай, өлең-жырларынан үзінділер келтіріп, әндерінің атын атаумен ғана шектеліп келеді. Солардың ішінде филология ғылымының кандидаттары Е.Жақыпов пен М.Жармұхамедов Сегіз Шақшақовтың өмірі мен шығармашылығына ғылыми тұрғысынан назар аударып, елді елең еткізгені белгілі. Себебі, Е.Жақыповтың «Сегіз сері» атты мақаласы Баһрамұлы жайлы алғашқы еңбек еді. Оның үстіне М.Жармұхамедов Нұржанның «Сегіз серісі» деген материалында Шақшақовтың шығармашылығына Наушабаевтың «Сегіз сері» дастаны негізінде баға берген. Сөйтіп, ол Сегіздің әмбебап өнер иесі екенін көрсету үшін жырдан мына үзіндіні ұсынған:

Үрпаққа жақсы дәстүр бастап кеткен,  
Артына өшпес жырлар тастап кеткен.  
Қазаққа батырлықпен аты әйгілі,  
Керейде Сегіз сері болған екен.  
Ер Сегіз көптің сөзін тастамапты,  
Ешкімді жаман жолға бастамапты.  
Ғұмыры жақсылардың қысқа болған,  
Ғазиз ер қырық жаста жасамапты.

Сегіздің шәкірті Жаманкүл Дәндібайұлы оның қазасына қайғырып, шығарған жоқтауында ұстазының шабыты өлшеусіз дарын иесі болғанын баяндап былай дейді:

Елу бес әнін Сегіздің  
Елге өзім тараттым.  
Жырларынан нәр алып,  
Пайдама ылғи жараттым.  
Қырық бес күйін Сегіздің  
Тартып бердім әр жерде.  
Қырық киссасын серінің  
Әнмен айттым әр елде [3, 1].

Сегіз тұлпар аттарымен қабат қыран құсты күйге қосып, табиғат құбылысымен ұштастырған. Сондай-ақ, сұлулықты бейнелеу үшін «Аққу», «Көк қаршыға», «Бала сұңқар» атты шығармасын қобызбен орындаған. Қыранды аңға салу кезіндегі адамның көңіл-күйін, құс қанатының суылын музыка әуенімен тыңдаушысына жеткізуге тырысқан. Міне, осындай күйлері арқылы көпшіліктің жүрегіне жол тапқан сері ел ішінде атам заманнан орын тепкен шертпе күй сарынын одан әрі дамытып, өз төңірегіне жас күйшілерді топтастырған. Солардың қатарында Дайрабай, Досжан, Қазыбек сияқты күйшілер болған еді. Бұлар Сегіздің мектебінде күй шығарушылық өнерін игере жүріп, өздерінің сазды шығармаларымен сол кезде-ақ елге танылады.

Осынау аталмыш шәкірттерімен қатар Сегіздің Мұстафа, Мұсайын есімді балалары әке жолын қуып, жұртқа ұнаған өлең-жырларын шығарған. Мысалы, Мұстафа Сегіз игерген өнер атаулының бәрін өз бойына дарытып, суырып салма ақын, күміс көмей, жез таңдай әншілердің қатарынан орын алған.

Ал Сегіздің ортаншы ұлы Мұсайын да әнші, ақын, палуан және қолөнерші болған. Оның бұл баласы да өлең-жыр шығарумен шұғылданады. Мұсайын әкесіндей қисса-дастанды көп жазбаса да, «Наурызбай-Ханшайым», «Жиенбай-Балқия», «Бекет батыр» деген көлемді жырларымен елге танылған.

Ақиқатында, өнер мен күш бойына бірдей дарыған Сегіз артына өзіне тартқан Мұстафа мен Мұсайындай екі ұлын, әр алуан өлең-жырларын қалдырып, аққан жұлдыздай өмірден жарқ етіп өте шыққан-ды, бірақ оны өлді деуге болмайды. Өйткені оның есімі бүгінге дейін ел аузында. Сегіз өшпес мұрасымен өлген жоқ. Мұның ел арасындағы өлең-жырларын жинап, халықтың өзіне қайта ұсынсақ, әнші-ақының, күйші-композитордың, ел қорғаны алып батырдың тұлғасы биіктен, зорая түсері сөзсіз [4].

Айшықты әуен мен оның сөзін өзара әсем үндестікте жеткізе білу - әнші ақынның асқан шеберлігі. Дәстүрлі ақындар поэзиясының інжу-маржандай сұлу сазы, ерке назды ән-жырлары халқымыздың рухани мұрасына қосылған сүбелі үлесі деп білеміз.

Қазақтың ән өнері ұлттық өнер болып, халқымыздың өзімен бірге туғандай. Жүрегін ән тербеткен бабалар өнері ұрпақтан ұрпаққа мирас болып қала берері сөзсіз.

#### Әдебиеттер:

1. Ысмайлов Е. Ақындар. – Алматы, 1956.
2. Мүсірепов Ф. Таңдамалы үш томдық. – 1980. – Б. 456.
3. Қазақ поэзиясындағы дәстүр ұласуы. – Алматы: Ғылым. – 1981.
4. Сүлейменов Т. Сегіз сері. – Алматы: Өнер. – 1991.

\* \* \*

В статье идет речь о творчестве яркого представителя классической поэзии XIX века Мухамедқанафия Шақшақова и его музыкальном наследии.

\* \* \*

The article is devoted to the creative work, musical heritage of Mukhamedkanaphiya Shakshakov – the 19<sup>th</sup> century brightest representative of the classical poetry.